Дархан МЫҢБАЙ

ТЕМІРБЕК ҚОЖАКЕЕВ БІРЕГЕЙ ҰСТАЗ ЕДІ

Ең әуелі оның бірегейлігі - болмысы. Өз ісіне жанашырлығы, өткірлігі мен ұтқырлығы. Соның арқасында Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде декан болып табан аудармай 17 жыл еңбек сіңірді. Жоғары білім саласында оқу ісінің білікті ұйымдастырушысы, зердесі терең ғалым, талантты әдебиеттанушы дәрежесіне жетті.

Бір таныс редакторым қарамағында істейтін әріптестеріне көңілі толмағанда: “Газет шығару қиын емес, әрбір сөзіңді аңдып, бағып отыратындар қажытады, кейде шаршатады” дегенде, екінші бір досымыз: “Соларды оқытып, бір шыбықпен айдаған Темкеңнің қадірін енді біле бастаған екенсің” - деп тоқтатқан-ды.

Шындығында, декан Темірбек Қожакеев туралы небір аңыз әңгіме, небір дастандар айтылып, жазылып келеді.

Ол студенттерден де, ұстаздардан да тәртіп пен жауапкершілікті талап етті. Жекелеген адамдар онысын әр саққа жүгіртіп, өздерін ақтап алуға тырысқандар да болды.

Декан ретінде Темірбек Қожакеев болашақ журналшылардың оқу процесін ғана емес, олардың жатақханадағы тұрмысына да, қоғамдық орындағы жүріс-тұрысына да көңіл бөлетін.

Ал оның оқыған лекциялары да пән ауқымын толық қамтып, жаңашылдығымен ерекшеленетін.

Шындықты айтқан шәкірттерінің аты-жөнін ұмытпай, қамқорлықпен іш тартатыны да бар еді. Сірә, “кейінгіге сабақ болсын” - деген ниетпен есіне алатын болса керек.

Біз таныған тұстағы қызметіне дейін ол қоғамдық ұйымдарда, аудандық мекемелерде халықпен етене жұмыс

істеп ысылып, біржола ғылым жолына түсіп, кемеліне келген кезі екен. Ол заманда бүкіл елімізде журналистка факультеті жалғыз болғандықтан онда оқып, мамандық алу - қалам ұстауға құштар көп жастардың арманы болатын. Бәсекеде бағымызды сынап, екінші жылы ғана оқуға түскенімізді жасырмаймыз.

Жыл сайын күзде алматылық студенттерді ауыл шаруашылығы жұмыстарына, жиын-терінге апаратын. Бірде түсінбестік салдарынан олар жергілікті тұрғындармен төбелесіп, ауыр жарақат алады. Жайсыз оқиғаның мән-жайын анықтауға университет проректоры бастап, декан Темкең қоштап Қостанай облысына келген. Сол кезде оның мейірімді, қамқоршы ғана емес, әділдікті жақтайтын адам екендігіне алғаш рет көзіміз жеткен еді. Соның арқасында бұзақылар тиісті жазасын алды. Бұл оған дейін, одан кейін де болмаған ерекше оқиға болатын.

Көп ұзамай, бір жылдан кейін М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетіне ауысу тәртібімен оқуға квота бөлінгенде, еш жерде ешқандай тамыртанысы жоқ маған да ұсыныс жасалды. Сол кезде айрықша үздік оқу үлгерімі ғана өлшем болғанына барлық курстастарымыз куә деп ойлаймын. Мұны да бірегей ұстазымыз - Темірбек Қожакеевтің әділдігі деп айтуға болады.

Кейін 1986 жылғы желтоқсандағы көтерілістен кейін ол да өзге қайраткер тұлғалармен бірге қудалауға түсті. Ол кездегі тәртіп бойынша партия қатарынан шығарудың соңы сарсаңға ұласатын. Сатқындықты көрді, қиянатты бастан кешірді.

Алайда, қызметтен алынған Темірбек Қожакеевті ешкім қаламынан, қайратынан айыра алмады. Қазақстан Жазушылар одағының жанынан ашылған сықақшылардың «Найзагер»

қауымдастығын ашып, ұлттық сатира-юмор жанрын дамытуға елеулі үлес қосты.

Айталық, қазақ баспасөзі тарихы Темірбек Қожакеевсіз ешқашан толық болмайды. Оның қалдырған мұрасы,

негізінен, оқулықтар мен зерттеу еңбектері - “Фельетон мәселелері», “Қазіргі қазақ сатирасы, «Қазақ сатирасы”, “Абай – сатирик”, “ХХ ғасыр басындағы қазақ сатирасы”, “Қазақ совет сатириктері”, “Сатира және дәуір”, “Бүгінгі қазақ сатирасының проблемалары”, ”Адам. Қоғам. Сатира”, “Сатиралық жанрлар”, “Сатира – күш-тілер қаруы”, “Сатира негіздері”, “Сара сөздің сардарлары”, “Шалқу сөздер мен шаншу сөздер”, “Ескі жылдың есебі”, “Өзіңді таны” сияқты кітаптар сөреде қалып қоймауға тиіс деп санаймыз.

Қазір сын, сатира жоқ, сыншылар - жалтақ, жағымпаздар - жойқын деген сөздер аз айтылмайды. Өйткені, сыншылардың теориялық сауаттылығы, кәсіби даярлығы жеткіліксіз. Ал айтылатын, жазылатын дүниелердің көркемдік деңгейі төмен, жұтаң тартып тұрады. Өркениетті елімізді құру жолында жоғарыда аталған, өзге де публицистикалық туындылары қоғамға пайда келтірері сөзсіз. Өйткені, атам қазақ айтқандай, “Сын түзелмей мін түзелмейді”.

Жалпы кез келген қоғамның дамуына ықпал ететін сатира негіздерін журналшылар ғана емес, өнер майталмандары - ақындар мен суретшілер де ескерсе артық болмас еді.

Биыл ел-елде, жер-жерде көрнекті тұлға, қалың журналшылардың ұстаханасын басқарған ғалым Т. Қожакеевтің 100 жылдығына арналған іс-шаралар өтіп жатыр.

Көрнекті ұстазды еске алу ісіне оның шәкірттері ақпарат құралдары мен баспасөз беттерінде өз үлесін қосады деп сенеміз.

2026